

Николаев Георгий Мартынович

Георгий Мартынович Николаев 1923 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысының Казнаковка ауылында шаруа отбасында дүниеге келді. Ұлты – орыс. Ата-анасы – анасы Наталья Илларионовна мен әкесі Мартын Васильевич – ұжымшарда жұмыс істеді.

1930 жылы Георгий Мартынович 7 сыныпты бітірді, ұжымшарда жұмысқа орналасып, 1942 жылға дейін жұмыс істеді.

1942 жылы Әскерге шақырылды. 1943 жылдың қаңтарынан 1945 жылға дейін – Ұлы Отан Соғысындағы ұрыс-шайқастарының қатысушысы. Ленинград қоршауын жоюына қатысты.

Георгий Мартынович Волховский және Ленинград - екі майданның қосылуына қатысты. Сол жылы Белгород, Одесса, Варшава қалаларының босатылуына ат салысты. Ахтырка стансасының жанында Г.М.Николаев ауыр жарақаттанды. Госпитальдегі емдеуінен кейін 926-шы бөлек сапер батальонына жіберілді. Олардың батальондары Днестр, Висла, Одер, Шпрей, Буга өзендерінен өтуіне қамтамасыз етумен айналысты.

1944 жылдың сәуірінде адамдар мен бөлімше материалдарын Днестр өзенінен өткізу кезінде, суық суға түскен адамдар Георгий Мартыновтың тапқырлығы мен дене шыдамдылығының арқасында аман қалды. Бұл операциясы үшін Николаев «Ержүректілік үшін» медалімен марапатталды. Николаев Кишинев, Гнезено, Лонсберг, Мезеритц, Швидус, Цюплихау қалаларының алынуы үшін, Висла, Одер өзендеріндегі жаудың қорғанысын бұзып өтуі үшін, Берлин операциясына қатысқаны үшін басшылықтан алғыс хаттарына ие.

I дәрежелі Отан соғысының орденімен, III дәрежелі Даңқ орденімен, «Ержүректілігі үшін», «Варшаваны босатуы үшін», «Берлинді алу үшін», «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысында Германия үстінен Жеңісі үшін» медальдарымен, мерейтой медальдарымен марапатталған.

Жеңістен кейін Георгий Мартынович 1947 жылдың 7 мамырына дейін Германияның оккупациялық әскерлерінде болды. Демобилизациядан кейін Отанына келіп, 1949 жылға дейін ұжымшарда жұмыс істеді, үйленді.

1949 жылдың ортасында отбасы жұбайының туған жері Қостанай облысының Федоровка ауылына көшіп келді. Мұнда Г.М.Николаев дизель электрстансасының машинисі болып жұмыс істеді. Өндірістен үзілмелі ауыл шаруашылығын электрофикациялау және механизациялау техникумын бітірді. Содан кейін Федоров элеваторына бас механик болып ауыстырылды, кейін бас инженері болды.

1974 жылы Боровской элеваторына ауыстырылды, мұнда 1983 жылы еңбегі сінген демалысқа кеткенге дейін бас инженер лауазымында жұмыс істеді.

Ұзақ уақыт қоғамдық жұмыспен айналысты: аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы болды, көркем өнерпаздық шығармашылығына қатысты.

Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталған.

Әдебиет

1. И. Козячая. Жерлестің ерліктеріне құны жоқ [Мәтін]: [Г.М. Николаев майдангер] / И. Козячая // Меңдіқара үні. – 2009. – 17 қыркүйек. – 2.Б.
2. Георгий Мартынович Николаев [Мәтін] // Олар Жеңіспен оралды. – Қостанай, 2008. – Д. 3.–209-210.Б.
3. Г. Николаев. Соғыс жолдарымен [Мәтін]: [Ұлы Отан соғысының ардагерін еске түсіру] / Г. Николаев // Олар соғысты өтті. – Қостанай, 2005. – Кіт. 3. – 216-219. Б.
4. Ч. Сабиров, Өз жерін, елін, әскерін сүйіндер! [Мәтін]: [Г.М. Николаев майдангері туралы] / Ч. Сабиров // Меңдіқара үні. – 2011. – 5 мамыр. – С. 8.